

педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық – дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін «үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Елбасының қадағалап отырған әлемдік талапқа сай білім беру жүйесін қалыптастыру баршамыздың алдымызға қойылған ұлы мұрат. ХХІ ғасырдың ұстазы өз мамандығы бойынша ғана емес, жалпы ғылымдар саласы бойынша ой-өрісі кең, ұлтты менталитеті жоғары кәсіби білікті маман, қоғаммен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, кез келген жағдаяттардан шыға алатын, жауапкершілік сезімі жоғары қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Заманның жаһандануына орай білім беру ісінде де жаңа технологиялар молынан кездеседі, бірақ жаңа технологияны пайдаланып бірден нәтижеге жете қою қиын. Нәтижеге жету оқушылардың игерген білім деңгейі мен мұғалімнің біліктілігіне байланысты. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті ізденістермен жаңартып отыру әр мұғалімнің міндеті болуы тиіс. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деген еді. Ендеше бәсекеге қабілетті туған тілін, елін, жерін сүйетін, өз ойын еркін жеткізе алатын құзіретті тұлға тәрбиелеу – қазіргі заман талабы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы. Астана, 2007
2. Назарбаев Н.А. Ғаламдық білім беру технологиясы. Қазақстанның ғылыми әлемі. Алматы, 2008. - № 6.
3. Құрманбаева М. Тұлғаны рухани- адамгершілікке тәрбиелеу //
4. Аманжолова А.А. Жеке тұлғаны адамгершілік рухани бағытта тәрбиелеу.
5. Ж .Әбиев.Педагогика.-Дарын, Алматы-2004ж.

ЫБЫРАЙДЫҢ АСЫЛ АРМАНЫ

Игисенова Умыт Сандыбековна
Мустафина Гульжан Миасовна
Есетова Алтыншаш Карабаевна
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері
Мендіқара орта мектебі

Аннотация

Қазақ тілі - Ыбырайдың ықыласпен оқитын шығармалары, Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні. Бұлар- біздің рухани кодымыз. Мерейіміз тасып, мәртебеміз өсіп тұрған сәтте де жадымыздан шығармайтын нәрсе –рухани құндылық. Арда болмысымызды сақтау; сақтай отырып жаңғырту -басты міндетіміз болуы шарт. Замана сынынан сүрінбей өтіп, озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білуіміз қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани- тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сондықтан «Нұрлы жолда» нық қадам жасау үшін Ыбырай атамыздың арманын асқақтатып, оның шығармаларын зерделей оқып, оқығанымызды ықыласпен тоқи білуіміз керек.

Аннотация

Казахский язык-это язык мудрецов Ыбырая, Абая, Мухтара, Курмангазы. Это духовное наследие наших предков. Сохранить национальный код -это достояние духовных ценностей.Мы должны беречь национальное достояние, как зеницу ока, которое берет свое начало в произведениях наших поэтов, писателей и композиторов. Послание Президента Н.А.Назарбаева помогает осуцетвить мечты Ыбырая Алтынсарина. Перечитывая и исследуя произведения великого мыслителя мы стремимся воплотить мечты писателя в реальной жизни.

Abstract

The Kazakh language is the language of the wise men as Yibyiray, Abay, Mukhtar Auezov, Kurmangazy.This is the spiritual heritage of our ancestors.To preserve the national code is the property of spiritual values. We must protect the national treasure «as the apple of our eye», which takes the beginning in the works of our poets, writers, composers. The message of our President Nursultan Nazarbayev helps to achieve the dreams of Yibyiray Altyinsarin. Re- reading and exporing the works of Yibyiray, we are eager to translate the writer s dreams into real life.

Түйінді сөздер:*«Нұрлы жолда» нық қадам жасау үшін Ыбырай атамның арманын асқақтатып, оның шығармаларын зерделей оқып, оқығанымызды ықыласпен тоқи білуіміз керек.*

Ключевые слова: *Перечитывая и исследуя произведения великого мыслителя мы стремимся воплотить мечты писателя в реальной жизни.*

Keywords: *Re- reading and exporing the works of Yibyiray, we are eager to translate the writer s dreams into real life.*

Ыбырай атама арнау.

Жанына жәрдем беріп хақ тағалам,
Жас бала Орынборда білім алған.
Оқуға көңіл бөліп ықыласпен
Арманы-мектеп ашу, оның болған.
Торғайдың топырағынан жаратылған,
Балғожа Жаңбыршыдан дара туған.
Өзі ашқан Ыбыкеңнің мектебінде,
Әуелі он төрт бала қабалданған.
Жұмысқа өте қызу кіріседі,
Қаймықпай надандықпен күреседі.
Қыздарды ұлмен бірдей оқытам,-деп,
Жер-жерден мектеп ашу ірі іс еді.
Ушинский еңбегімен танысады.

Хат жазып,Ильминскиймен алысады.
Сабылған сан сұрақты шешу үшін,
Кітап жазып сәйгүліктей жарысады.
Үкілеп үміт артып, мол сеніммен,
Жастарды білімге ол шақырады.
Арманның асау атын қамшылатып,
Алыстан жылдам хабар алғызады.
Мерейтой. жылдық құтты болсын!
Осы бір жыр-маржанынм шашу
болсын!
Еңбекпен аты шыққан Сейіткүлмен
Жеңгелер Ыбырайдай ұлдар тусын!
(Жансая Есетова 10- сынып оқушысы)

Қазақтың байтақ даласының байлығын еркін билеу үшін, патша шенеуніктеріне көмекші бастықсымақтар даярлау үшін, патша үкіметі қазақ даласында мектептер ашты. Бірақ,қазақ балалары білім алсын, халқы мәдениетті болсын деген мақсат патша үкіметінің ойына да келген жоқ еді. Осы мектепке Балғожа би немересі Ыбырайды оқуға береді.Ыбырай Алтынсарин мектепті бітірген соң, қызмет атқара жүріп, дүниежүзі ағартушыларының еңбектерімен танысады. Ағартушы ендігі күнде қазақ даласында мектеп ашуға, ел адамдары арасында үгіт жүргізіп,оқудың мән-маңызын түсіндіреді.

Ол өз елінің мәдениетін көтерумен қатар,оның шаруашылық экономикасының өзгеруіне де,жаңаруына да, шаруашылық жаңа түрлерінің енуіне де ықпал жасар еді деген мақсаттарды да ойластырды.Осы мақсаттарды іске асыруды көздеп, орыс-қазақ мектептерінде сауат ашу, хат танумен қатар, балаларға техникалық ілімдерді үйрететін пәндердің де жүргізілуін талап етті. Мектепке қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды да Ыбырай өз міндетіне алды.

«Надан жатқа, бірақ әлі азғындық жолға түспеген,пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға, шамасы келгенше, қызмет ету біздің әрқайсымыздың да

борышымыз», - деп көзі ашық ел азаматтарына үндеу салған. Осы пікіріне байланысты Ыбырай «Әй, жігіттер!» деген өлеңінде ел ішін, қарапайым халықты осындай іріткі салушы топтардан арылтып алмай, өнер-білімге, жаңа мәдениетке шақыру, сондайлық қиын екенін де ете зеректікпен айта білген.

Сонымен қатар, қазақ халқының өнер-білімге, жаңалыққа, жаңа мәдениетке деген ынтысын, дарындылығын өте жоғары бағалаған. «Қазақтың осы ынтасын татар, өзбек, башқұрт сияқты көрші елдердің молда, қожалары пайдаланып отыр. Ал егер осы бұзылмаған, іскер, дарынды халық... діни фанатизмнің ықпалына біржолата түсіп кетсе, онда бұл өте өкінішті болған болар еді», - деген ойда болады.

Ыбырай Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде, оқытуда, олардың ой-санасына қозғау салып, дамытуда өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін, алдымен балалар әдебиетін жасауға бет бұрып, балалар әдебиеті тақырыбына жазылған орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Алдымен орыс халқының балалар әдебиеті тақырыбына жазылған еңбектерімен танысады. Жас ұрпақтарымызға үлгі етіп ұсынды. Бұл-қазақ халқы үшін, әсіресе, оның жас ұрпақ балалары үшін, аса игілікті іс, жаңа бастама.

Ыбырай өзінің шығармаларында алдымен сауат ашу, оқыту мәселесін бірінші орынға қояды да, баланы оқыту барысында тәрбиелеу керектігін түсінген. Оның өлеңдері мен әңгімелерінің қайсысын алсаңыз да, білім берумен қатар, оған саналы азамат, тәртіпті, үлгілі кісі болу жақтарын балаларға шығарма мазмұндары арқылы түсіндіріп отырады.

Себебі, білімнің негізі отбасында атаның батасымен, әженің әлдиімен, әкенің тәрбиесімен, ананың мейірімімен қаланады. Демек, бүгінгі күнде кезек күттірмес басты мәселе-оқу мен тәрбие егіз ұғым екенін атамыз сол кезде-ақ қолға алу керектігін айқындап берген болатын.

«Өнер-білім, бар жұрттар» деген өлеңінде де өнер-білім, техниканың техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жасөспірімдерді мәдениетті халықтар қатарына қосылуға, соған жетуге, солардан үлгі-өнеге алуға шақырады, ғылым табыстарын мадақтайды. Техникалық білім алу дәрежесіне оқу арқылы ғана жетуге болатынын, оқымаған қараңғы халықтың жастарына дәлел етіп көрсетті.

Атамыздың сол кездегі асыл арманы ХХІ ғасырда іске асырылып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 12-жылдық модельге көшу мен реформалардың жаңартылған білім беру мазмұнының шарттарында барлық білім мазмұнын тілдің үштұғырлылығына мән берілуде. Осы орайда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «...Қазақстан халқы бүкіл әлемге үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» - деп атап көрсетті. Бұның өзі – Ыбырай атамыздың төл туындаларын басшылыққа алғанымыздың бір дәлелі. Балалар әдебиетінің атасы-Ыбырай Алтынсарин өзінің жас шәкірттеріне ғылым табыстарын мақтан ете жырлады. Арқаның өр төсінде қоныс тепкен Астанамыз жиырма жылдың ішінде адам танымастай өзгеріп, төрткүл әлемге танылып отыр. Бұның дәлелі- Астана ЭКСПО-2017 көрмесі.

Атамыздың қолға алған екінші мәселесі - отырықшылық еді. Бұл арман - бүгінгі таңдағы Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауында көрсетілген. Жастардың бойына туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жер мен қолөнер кәсіптерімен айналасудың пайдалы жақтарын айтты. Ыбырайдың «Киіз үй мен ағаш үй», «Қыпшақ Сейітқұл» деген ықшам жазылған қысқа әңгімелерде дәл осындай мәселе суреттеледі.

Жастарды өнер-білімге шақыру, отырықшылық тұрмыстың, жер кәсібімен айналасудың пайдасы жақтарын түсіндірумен қатар Ыбырай шығармашылығының

үшінші көтеретін күрделі мәселесі - еңбек процесі болды. Оның әңгімелері бірінен-бірі қайталанбайды, әрқайсының өзіндік қызықты да тәрбиелік күшті жақтары бар.

Келесі көтерген төртінші мәселесі балаларды ұқыптылыққа, мейірімділікке, әділдікке, әдептілікке, үйрету жақтары болады. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту, үйрету, тәрбиелеу үдерісі арқылы ғана іске асатынын тұңғыш педагог дұрыс шешкен.

«Мейірімді бала» деген әңгімесінде де адамгершілік қасиеттің ең жоғарғы сапасы суреттелген. Ыбырай атамның көтерген бесінші мәселесі-достық, жолдастық, қарым-қатынас жайлары болды. Парасатты жақсы адам әрқашан барлық жағынан да кіршіксіз таза, ізгі ниетті болуға тиісті дегенді қолдайды.

Себебі, қазақ кесек мінезді, берік дінді ұлтпыз, бәсекелік қабілеті зор, прагматикпіз. Бұл орайда Елбасымыз Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру жолдауында «қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» екендігін атап көрсетті. Солардың ішіндегі ең құндысы - ұлт тілі. Қазақ тілі - Ыбырайдың ықыласпен оқитын шығармалары, Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні. Бұлар біздің рухани кодымыз. Мерейіміз тасып, мәртебеміз өсіп тұрған сәтте де жадымыздан шығармайтын нәрсе - рухани құндылық. Арда болмысымызды сақтау; сақтай отырып жаңғырту - басты міндетіміз болуы шарт. Замана сынынан сүрінбей өтіп, озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білуіміз қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани - тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сондықтан «Нұрлы жолда» нық қадам жасау үшін Ыбырай атамның арманын асқақтатып, оның шығармаларын зерделей оқып, оқығанымызды ықыласпен тоқи білуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2050» стратегиясы
2. Мақтым Шәбжантайқызы Көкшетау- 2003
3. Egemen.kz сайты.
4. Қостанай таңы газеті 2017 ж.
5. Меңдіқара үні газеті 2017 ж.
6. Меңдіқара үні газеті 2018 ж.

БОЛАШАҚ МАМАН ДАЯРЛАУДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Италмасов Айтжан Курымғалиулы
А.Байтұрсынов атындағы
ҚМУ, 1 к магистранты
Утегенова Бибікүл Мазанқызы,
пед.ғыл.кандидаты, доцент,
ҚМПИ

Аннотация

Мақалада жоғары оқу орындарында, диалогтік оқытудың маңыздылығына тоқталу және практикада диалогті оқытудың тиімді пайдалану жолдары көзделеді.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы практики эффективного преподавания в высших учебных заведениях через использование технологии диалогового обучения.

Abstract

In the article, in universities, in the practice of teaching and learning Dialogic ways of effective use, it is envisaged to focus on the importance of dialogue.

Түйінді сөздер: диалог, диалогтік оқыту, коммуникация

Ключевые слова: диалог, диалоговое обучение, коммуникация